

Аязбаева Сәуле Аязайқызының
«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты
диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу барысында заттекті (зат есім тудыратын), сынтекті (сын есім тудыратын), әрекеттекті (етістік тудыратын) және басқа да жұрнақтардың морфемалық құрамы айқындалып, олардың жүйелік және қызметтік ерекшеліктері лингвистикалық тұрғыдан сараланады. Бұл зерттеулердің басым бөлігі үндесім (сингармонизм) заңына негізделген сингармологиялық қағидаларды басты назарға алады. Өйткені қазақ тілінің табиғи фонетикалық жүйесі толықтай үндесім заңына бағынады және ол қазақ сингармологиясының өзегін құрайды.

Сингармологиялық талдау тек үндесім заңдылығы тұрғысынан жүргізілген жағдайда ғана тілдің ішкі құрылымдық заңдылықтары мен дыбыс жүйесінің өзара байланысы айқын көрінеді. Мұндай тәсіл қазақ фонетикасының жүйелік ұйымдасуын тереңірек тануға мүмкіндік беріп қана қоймай, тілдің дыбыстық табиғатын модельдеу, сонымен қатар заманауи цифрлық лингвистика мен автоматтандырылған фонетикалық талдау технологияларына бейімдеудің теориялық негізін қалайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Дәстүрлі фонетикада дыбыстардың сингармологиялық және фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) қырлары кешенді түрде қарастырылғанымен, қазіргі тіл білімінде осы екі деңгейдің ара-жігін нақты ажырату және олардың зерттеу нысандарын дербес талдау өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Осыған байланысты фонетикалық және сингармологиялық талдау бағыттарын жеке лингвистикалық салалар ретінде жүйелеу, олардың әдіснамалық және теориялық ұстанымдарын нақтылау қажеттілігі туындап отыр.

Қазақ тілінің морфологиялық құрылымында жалғау мен жұрнақтың қызметтік және семантикалық айырмашылықтарын анықтау да маңызды бағыттардың бірі саналады. Қосымшалардың фонетикалық табиғаты орфографиялық және орфоэпиялық деңгейлерде салыстырмалы талдауға түсіп, олардың айтылым үлгілері мен фонетикалық тұрақтылығы арнайы лингвистикалық модельдер арқылы сипатталады. Мұндай талдау қазақ тілінің морфонологиялық және сингармологиялық жүйесін терең түсінуге, сонымен қатар дыбыстық және морфемалық құрылымның өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Фонетикалық деректерді сандық форматта ұсыну, дыбыстық құбылыстарды модельдеу және мультимедиялық құралдар арқылы сингармонизм заңдылықтарын динамикалық түрде көрсету мүмкіндігін туғызады. Нәтижесінде қазақ тілінің фонетикалық жүйесін оқыту мен зерттеудің жаңа — интерактивті-лингвистикалық моделі қалыптасады.

Зерттеудің нысаны – қазақ тілінің жұрнақ сегменттері, яғни морфемалық бірліктердің үндесім-үйлесім заңдылығына бағынған құрылымдық жүйесі.

Зерттеу пәні – қазақ тіліндегі жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім заңдылықтары мен олардың интерактив-инновациялық модельдері.

Зерттеудің мақсаты қазақ тілі жұрнақтарының үндесім/үйлесім түрленім құрамын анықтап, олардың көрнекі интерактив сызбасын дайындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақ тіл білімінде қосымшалардың морфологиялық табиғатын жаңа қырынан талдау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Зерттеу барысында жалғау мен жұрнаққа қатысты ғалымдар ұсынған анықтамалар сараланып, олардың функционалдық айырмашылығы нақты айқындалды: жалғаулардың сөз түрлендіруші, ал жұрнақтардың сөз тудырушы қызметі жүйелі түрде пысықталды.

Заттекті (зат есім тудыратын), сынтекті (сын есім тудыратын), әрекет текті (етістік тудыратын) және басқа да жұрнақтардың морфемалық құрамы айқындалып, олардың құрылымдық жүйесі сипатталды. Бұл тұрғыда қазақ тіліндегі қосымшалардың орфографиялық және орфоэпиялық нұсқаларының арақатынасы ерекше назарға алынды.

Қосымшаларды орфографиялық тұрғыдан талдау олардың айтылым үлгісін жүйелеуге және фонетикалық бейнесін нақтылауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында жұрнақтардың дыбыстық құрамын айқындауда бұрыннан қалыптасқан кейбір дәстүрлі жаңсақтықтар түзетіліп, қосымшалардың толық морфонологиялық құрылымы ұсынылды.

Орфоэпиялық жұрнақтар қазақ тіліндегі нақты (ақиқат) фонетикалық бірліктер ретінде қарастырылып, олардың құрамын орфографиялық нұсқалармен салыстыра талдау нәтижесінде «жалған (жасырын) жұрнақтар» мен «ақиқат жұрнақтар» ұғымдары енгізілді. Бұл ұғымдар қазақ тілінің морфологиялық жүйесін дыбыстық деңгейде сипаттауға және фонетикалық материал негізінде жұрнақтардың тізімдемесін (фонетикалық реестрін) құрастыруға мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

- сингармология пәнінің жалпы лингвистикадағы орны және оның құрамды бөлігі ретінде қалыптасуы мен зерттелім құралы ретінде «фонологияны» алмастыруы заңдылық. Сингармологияның негізгі зерттеу нысаны – тілдің табиғи үндесім жүйесін модельдеу, оның мағыналық және құрылымдық заңдылықтарын жүйелеу. Осы ұстанымдарға сүйене отырып, сингармологиялық атаулардың өзара қатынасын интерактив модельдер арқылы визуалды түрде көрсету қазақ тіліндегі үндесім заңын ғылыми тұрғыда талдаудың және оны оқыту процесіне енгізудің жаңа инновациялық бағыты бола алады.

- Дыбыстардың артикуляциялық сипаттарын жүйелі анықтау арқылы олардың үндесімдік қызметі мен морфемалық деңгейдегі түрлену заңдылықтары нақтыланады. Осы бағыттағы зерттеу нәтижелері қазақ тілін қолданбалы құралдар мен оргтехника тіліне бейімдеу, яғни цифрлық және

техникалық ортада қазақ тілінің табиғи үндесімдік жүйесін сақтап қолдану арқылы оның мемлекеттік тіл ретінде қызмет ету аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан қазақ тілінің үндесім дыбыс құрамын ғылыми тұрғыдан сипаттап, артикуляциялық тұрғыдан дәл анықтау – тек теориялық емес, сонымен қатар тілдің қолданбалы-инновациялық әлеуетін арттыратыны сөзсіз.

- Дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық белгілерін талдау арқылы олардың үйлесімдік қызметі, буындық жүйедегі өзара ықпалы мен үндестік шегі айқындалады. қазақ тілінің артикуляциялық құрылымын зерттеу мен оны визуалды-интерактив форматта көрсету – тілдің дыбыстық жүйесін түсіндірудің тиімді және заманауи әдісі саналады. Осы бағыттағы зерттеулер қазақ тілінің үндесі-үйлесім жүйесін оқыту мен қолдану тәжірибесін жаңа сапалық деңгейге көтереді.

- Қазақ фонетикасының құрылымдық бірліктері өзара жұптасып (жуан/жіңішке, еріндік/езулік т.б.) келетіндіктен, тілдің табиғи сингармониялық икемділігі жұрнақтардың үндесім-үйлесім жүйесін модельдеуде ерекше рөл атқарады. Мұндай құрылымдық үйлесім қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану үдерісін едәуір жеңілдетіп, тілдік модельдерді цифрлық форматта өңдеуге, үндесімдік және үйлесімдік икемділігін арттырады, қазақ тілін цифрлық және қолданбалы кеңістікте тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

- морфемалық тізбектердің фонетикалық үндесімге бағынуы қазақ тілінің табиғи заңдылығы ретінде танылып, оның слайд түріндегі визуалды моделін жасау – сингармологиялық зерттеу әдіснамасын заманауи деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл модель қазақ морфемикасының үндесімдік құрылымын интерактив форматта түсіндірудің тиімді үлгісін қалыптастырады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері қазақ фонетикасының сингармология теориясын толықтырады. Қазақ тілінің дыбыстық құрамын жүйелі түрде талдап, үндесім (сингармония) және үйлесім (комбинаторлық байланыс) белгілерінің өзара қатынасын анықтайды. Зерттеу барысында анықталған үндесім және үйлесім белгілерінің жүйесі қазақ сингармологиясының теориялық аппаратын толықтырып, оның құрылымдық модельдерін жаңаша тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын қазіргі лингвистикалық бағыттармен – жүйелі-құрылымдық, когнитивтік және цифрлық лингвистика тұрғысынан ұштастыруға негіз болады. Қазақ фонетикасы мен сингармологиясының теориялық тұжырымдарын кеңейтіп, тілдің табиғи дыбыстық жүйесін ғылыми тұрғыда тереңірек сипаттауға үлес қосады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқыту үдерісінде қолданылатын фонетикалық және морфологиялық материалдарды жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, алынған ғылыми тұжырымдар мен модельдер қазақ тілі фонетикасын оқытуда интерактивті, көрнекі және мультимедиялық әдістерді тиімді қолдануға негіз болады. Жұмыста ұсынылған дыбыс үйлесімі мен

жұрнақтардың морфонологиялық модельдері қазақ тілінің оқу бағдарламаларына, оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұнына енгізуге қолайлы. Зерттеу нәтижелерін фонология және сингармология салаларындағы электронды оқулық, интерактивті жаттығу, тіл үйрету қосымшаларын жасауда, «Қазақ тілі фонетикасы», «Қазақ сингармонологиясы» сияқты пәндердің мазмұнын жетілдіруге, жаңа буын оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтарды дайындауда пайдалануға болады.

Алынған нәтижелердің апробациясы. Диссертацияның негізгі ережелері мен нәтижелері PhD докторанттарының ғылыми-әдістемелік семинарларында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түркітану және тіл теориясы кафедрасының мәжілістерінде қарастырылды. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда 10 мақала ретінде жарияланды. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 4 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланды:

1. S.Ayazbayeva, A.Junisbek, M.Taldibaeva Adapted transcription symbols for Turkic sounds // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 3. August, 2016. – P. 326-331.

2. Аязбаева С.А. Қазақ тілі қосымшаларының морфологиялық вариант жасау моделі // ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2015. – №3 (155). –330-336 бб.

3. Аязбаева С.А. Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқын моделдеу. ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2016. – № 2/2 (160). – 46-52 бб.

4. Аязбаева С.А. Қазақ тілі қосымшаларының интер-актив инновациялық моделдері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2017. – №2 (44). – 172-174 бб.

5. Аязбаева С.А. Модель формирования морфологических вариантов с помощью аффиксов казахского языка // Жарчысы Вестник. – Бішкек, 2016. – №1. – 111-115 бб.

6. Аязбаева С.А. Қазақ тілі біліміндегі қосымшаларды жіктеу мәселесі // «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық әдістемелік конференция». – Алматы, 2015. – 3 (155). –78-80 бб.

7. Аязбаева С.А. Проблемы просодологии и сегментологии // «Профессор Ә.Құрышжанұлы және түркі дүниесі Тіл. Тарих. Руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция». –Алматы, 2015. – 292-297 бб.

8. Аязбаева С.А. Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқы // «Қазақ тіл білімі лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция». – Алматы, 2016. – 68-76 бб.

9. Заттекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері // Аса көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы профессор Әмір Рақыш Сәтұлының

туғанына 95 жыл толуына орай «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2025. – 292-297 бб.

10. Сынтекті журнал: үндесім-үйлесім модельдері // Филология ғылымдарының докторы, профессор Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының 75 жылдық мерейтойына арналған «Тіл және мәдениет контексіндегі құндылықтар жүйесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 270-274 бб.

Зерттеудің құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен (теориялық, практикалық және әдістемелік), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделеді, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдістері айқындалады, гипотезаны тұжырымдалады, зерттеу алгоритмі құрылады, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы негізделеді, қорғауға ұсынылған ережелер тұжырымдалады.

Зерттеу жұмысының алғашқы тарауында қазақ тілінің төл дыбыстық құрамын айқындалады. Қазіргі білім беру кеңістігінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы оқу үдерісін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Соның ішінде интерактивті тақталар әдістемелік құрал ретінде кеңінен қолданыс тауып, дәстүрлі оқыту тәсілдерінің мазмұнын жаңғыртудың тиімді тетігіне айналды. Интерактивті тақта арқылы оқу материалын қозғалыс, графикалық бейне және түрлі-түсті визуал элементтер арқылы көрсету мүмкіндігі білім алушылардың көру, есту және қимыл-қозғалыс арқылы қабылдау арналарын бірдей іске қосуға жағдай жасайды. Бұл әдіс цифрлық лингвистикада тілдік бірліктерді когнитивтік және визуал тұрғыда меңгертудің тиімді жолы ретінде қарастырылады.

Зерттеудің екінші тарауында қазақ тілі қосымшаларының (журнактарының) морфологиялық құрамы жаңа әдістемелік ұстаным негізінде жүйеленеді. Қазақ фонетикасының қазіргі кезеңдегі даму үдерісі жаңа ғылыми бағыттар мен әдіснамалық ұстанымдарды талап етеді. Бұл, ең алдымен, сингармологияның заманауи қағидаттарына сүйенген дыбыс талдаудың жаңа модельдерін қалыптастырумен байланысты жүзеге асады. Дыбыстық жүйені айқындауда, соның ішінде дауысты мен дауыссыз дыбыстардың саны мен артикуляциялық ерекшеліктері жөнінде зерттеушілер арасында бірізді көзқарас қалыптаспай отырғаны белгілі.

Осыған орай қазақ тілінің дыбыс құрамын абстракт деңгейдегі теориялық анықтамалардан интерактивті және көрнекі форматқа көшіру, яғни интерактивті тақталарға бейімделген фонетикалық шешімдер ұсыну – қазіргі фонетикалық зерттеулердің өзекті бағыты болып табылады. Мұндай тәсіл фонетикалық заңдылықтарды визуалды түрде көрсету арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тілдің дыбыстық жүйесін қабылдаудың когнитивтік механизмдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қорытындыда зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері беріледі.